

Бекітемін
ЖШС Ескендір 07 «Ескендір» бөбекжайының
менгерушісі Базаралиева Б.Т



Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

Педагогикалық кеңес №1

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы» 1.2024-2025 оқу жылындағы іс шараларды талдау нәтижелері. 2.Бөбекжай ұжымын 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, оқу жоспарымен, ұйымдастырылған іс әрекеттер жүктемесімен, перспективтік жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, бекіту. 3.Оқыту, тәрбиелеу процесінде қолданылатын бағдарлама, педагогикалық технологиялар. 4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.	Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2025-2026 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау.	тамыз	Менгеруші Тәрбиешілер

Педагогикалық кеңес №2

2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 1. №1 пед.кеңестің шешімін орындау. 2. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерге талдау 3. Тәрбиешілерге арналған шеберлік сыныбы «Озат тәжірибелер» 4. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторингіне талдау жүргізу.	Тәжірибе алмасу алаңы Іс-тәжірибемен бөлісу	қараша	Менгеруші Тәрбиешілер
---	---	--	--------	--------------------------

Педагогикалық кеңес №3

3	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балаларды адамгершілік патриоттық тәрбиелеудің маңызы» 1. №2 пед.кеңестің шешімін орындау. 2. «Адамгершілік жағынан дамытушы орта» атты бейнеролик қарау, талдау, қолдану. 3.«Баланың бойындағы адамгершілік патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ескеретін жағдайлар» 4. «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерімен іскерлік ойын» 5 Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің аралық мониторингіне талдау жүргізу.	Тәжірибе алмасу алаңы	қаңтар	Меңгеруші Тәрбиешілер
Педагогикалық кеңес №4				
4	№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Дене тәрбиесі, музыка іс әрекеттерінің өтілуі» 1. №3 пед.кеңестің шешімін орындау. 2. «Дене тәрбиесі ойындарының бала денсаулығына оң әсері» 3. «Балалардың тамақтану тәртібі, тамақтың сапасы»	Іс -тәжірибе	Наурыз	Меңгеруші Тәрбиешілер
Педагогикалық кеңес №5				
5	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің қорытынды мониторингі» 1)№4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы. 2) Топтардың жұмыс нәтижелері бойынша есептер презентациясы, қорытынды есептер. 3) Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілі маманы жұмысы туралы есеп. 4) Жазғы сауықтыру жоспарын талдау, бекіту.	Қорытынды кеңес	Мамыр	Меңгеруші Тәрбиешілер

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Балабақшаның оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Балабақшадағы 2024–2025 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін талдау, 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жоспары және күн тәртібін қарастыру, бекіту; педагогикалық үдерісте қолданылатын білім беру бағдарламалары мен заманауи технологияларды жетілдіру арқылы оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылында атқарылған іс-шараларды талдау.
2. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүктемесі, перспективалық жоспар және балалардың күн тәртібін таныстыру, талдау және бекіту.
3. Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологиялар.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. сөз алып, жыл бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелерін талдап өтті.

Оқу үдерісінде балалардың дамуы, тәрбие жұмыстарының сапасы, ата-аналармен өзара байланыс және өткізілген іс-шаралар қорытындыланды.

Жетістіктермен қатар кейбір кемшіліктер де атап өтіліп, оларды жою бойынша ұсыныстар берілді.

Сөйледі: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Ол топтардағы оқу-тәрбие жұмыстарының деңгейі, балалардың даму динамикасы туралы ақпарат берді.

2-мәселе бойынша:

2025–2026 оқу жылына арналған құжаттар таныстырылды:

- жылдық жұмыс жоспары;
- оқу жоспары;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүктемесі;
- перспективалық жоспар;
- балалардың күн тәртібі.

Тәрбиеші Ж.А.Маратова жоспарлардың мазмұнын түсіндіріп, педагогикалық ұжымнан ұсыныстар қабылданды.

Жоспарлар талқыланып, бірқатар түзетулер енгізілді.

ШЕШІМ:

Ұсынылған 2025–2026 оқу жылына арналған жоспарлар бекітілсін.

3-мәселе бойынша:

Оқыту-тәрбиелеу процесінде қолданылатын білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологиялар қарастырылды.

Тәрбиешілер заманауи әдістерді (ойын технологиясы, дамыта оқыту, жеке тұлғаға бағытталған тәсілдер) қолдану тәжірибелерімен бөлісті.

ШЕШІМ:

Педагогтар оқу-тәрбие үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды жүйелі қолдансын.

4-мәселе бойынша: Балабақша топтарына жауапты тәрбиешілер бекіту мәселесі қарастырылды.

Әр топқа жауапты педагогтар тағайындалып, тізім нақтыланды.

5-мәселе бойынша (әртүрлі мәселелер):

Балабақшадағы ағымдағы ұйымдастыру, қауіпсіздік, құжат жүргізу және ата-аналармен жұмыс мәселелері қарастырылды.

Ұсыныстар айтылып, нақты тапсырмалар берілді.

Шешімі:

1. 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жоспарлар бекітілсін.
3. Педагогтар оқу-тәрбие процесінде заманауи технологияларды қолдануды жалғастырсын.
4. Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.
5. Барлық ұсыныстар назарға алынып, орындауға қабылдансын. Топтарға жауапты
6. Тәрбиешілер бекітілсін (тізім қосымшада көрсетіледі).

Төрайымы:

Базаралиева Б.Т.

Хатшы:

Маратова Ж.А.



MADE WITH
Scanner
App



Орал қаласы

10 қараша 2025 жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы

Мақсаты: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдау арқылы балалардың шығармашылық, танымдық және тілдік дағдыларын дамыту деңгейін анықтау, ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу тәжірибесін жетілдіру, тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру және балалардың бастапқы даму мониторингі нәтижелерін саралау негізінде түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлау.

Күн тәртібі:

1. Тақырыптың өзектілігі.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер:
 - «Ұлттық ою – қошқар мүйіз» (дәстүрден тыс сурет салу);
 - «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»;
 - «Достық» ертегісі (сахналық қойылым).
3. Тәрбиешілерге арналған шеберлік сыныбы «Озат тәрбиешілер».
4. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторингіне талдау жасау.
5. Әртүрлі сұрақтар.

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Тақырыптың өзектілігі туралы балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. сөз алып, балалардың шығармашылық, танымдық және тілдік дағдыларын дамытудағы бұл жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

2-мәселе бойынша: Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер

- «Ұлттық ою – қошқар мүйіз»
Бұл іс-әрекетті тәрбиеші Маратова Ж.А. өткізді. Балалар дәстүрден тыс сурет салу арқылы ұлттық ою-өрнектерді танып, шығармашылық қабілеттерін дамытты.
- «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»
Іс-әрекетті тәрбиеші Маратова Ж.А. ұйымдастырды. Балалардың тіл байлығы мен ойлау қабілетін дамытуға бағытталды.
- «Достық» ертегісі (сахналық қойылым)
Сахналық қойылымды тәрбиеші Маратова Ж.А. жүргізді. Балалар достық, бірлік туралы түсініктерін сахна арқылы көрсетті.

3-мәселе бойынша: «Озат тәрбиешілер» шеберлік сыныбы

Шеберлік сыныбында тәжірибесімен тәрбиеші Маратова Ж.А. бөлісіп, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді көрсетті.

4-мәселе бойынша: Мониторинг талдауы

Балалардың бастапқы даму деңгейіне мониторинг нәтижелері бойынша балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева талдау жасады.

Әр баланың даму көрсеткіштері (танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік) қарастырылды.

5-мәселе бойынша: Әртүрлі сұрақтар

Ағымдағы мәселелер бойынша балабақша меңгерушісі Б.Т.Базаралиева және тәрбиешілері пікір білдіріп, жауапты тұлғаларға тапсырмалар берілді.



Шешімі:

1. Тақырыптың өзектілігі маңызды деп танылсын және жұмыс жалғастырылсын.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер қанағаттанарлық деп бағалансын және тәжірибе ретінде қолданылсын.
3. «Озат тәрбиешілер» шеберлік сыныбындағы әдістер оқу-тәрбие процесіне енгізілсін.
4. Мониторинг нәтижесі бойынша жеке түзету жұмыстары күшейтілсін.
5. Ұлттық құндылықтарды дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
6. Барлық берілген тапсырмалар белгіленген мерзімде орындалсын.

Төрағасы:

Базаралиева Б.Т

Хатшы:

Маратова Ж.А.



Орал қаласы
Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

10 қаңтар 2026 жыл

Тақырыбы: «Балаларды адамгершілік патриоттық тәрбиелеудің маңызы»

Мақсаты: Балалардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесін қалыптастыру жолдарын жетілдіру, бейнематериалды талдау арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың даму деңгейін саралау және аралық мониторинг нәтижелері негізінде оқу-тәрбие үдерісін жақсарту.

Күн тәртібі:

1. «Адамгершілік дағдыларын дамытушы орта» атты бейнероликті қарау, талдау және қолдану.
2. Баланың бойында адамгершілік және патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ескерілетін жағдайлар.
3. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейі.
4. Деңгейінің аралық мониторингіне талдау жүргізу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

«Адамгершілік дағдыларын дамытушы орта» атты бейнероликті Ж.А.Маратова таныстырып өтті.

Бейнеролик мазмұны талданып, балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда қолайлы орта құрудың маңыздылығы айтылды.

Тәрбиешілер өз пікірлерін білдіріп, тәжірибеде қолдану жолдарын қарастырды.

2-мәселе бойынша:

Баланың бойында адамгершілік және патриоттық тәрбиені қалыптастыру туралы балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. сөз алып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенді құрметтеу, Отанға сүйіспеншілік сезімін қалыптастырудың маңызын атап өтті. Тәрбиешілер балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдіс-тәсілдерін ұсынды.

3-мәселе бойынша:

Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейі бойынша тәрбиеші Ж.А.Маратова алдау жасады.

Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық даму көрсеткіштері қарастырылды.

Кейбір балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

4-мәселе бойынша:

Аралық мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеші Ж.А.Маратова сөз алып, әр топтағы балалардың даму динамикасын баяндады.

Оқу-тәрбие үдерісінде түзету және дамыту жұмыстарын күшейту қажеттілігі айтылды.



Шешімі:

1. «Адамгершілік дағдыларын дамытушы орта» бейнеролигінде көрсетілген әдістер оқу-тәрбие процесінде қолданылсын.
2. Балалардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Балалардың даму деңгейі бойынша жеке түзету-дамыту жұмыстары күшейтілсін.
4. Аралық мониторинг нәтижелері негізінде жоспарға нақты түзетулер енгізілсін.
5. Тәрбиешілерге балалармен жұмыс барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылсын.



Төрайымы:

Базаралиева Б.Т.

Хатшы:

Маратова Ж.А

Орал қаласы

6 мамыр 2026 жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «2025-2026 жылындағы үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтайтын балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің қорытынды мониторингі»

Мақсаты: 2025–2026 оқу жылына балабақшаның дайындық деңгейін талдау, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған құжаттарды қарастыру және бекіту, педагогикалық ұжымның жылдық жұмыс бағытын айқындау, балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау

Күн тәртібі

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысын шығару және жаңа оқу жылына дайындық.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жоспары, перспективалық жоспар және күн тәртібін таныстыру, талқылау және бекіту.
3. Топтарға тәрбиешілерді бекіту және оқу-тәрбие жүктемесін бөлу.
4. Оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологиялар.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. сөз алып, 2024–2025 оқу жылының қорытындысын жасады.

Оқу-тәрбие жұмыстарының жалпы нәтижелері талданып, педагогтардың еңбегі бағаланды. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының жүргізілу барысы атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі құжаттарды таныстырды: жылдық жоспар, оқу жоспары, перспективалық жоспар, күн тәртібі.

Құжаттар педагогикалық ұжым тарапынан талқыланып, ұсыныстар енгізілді.

3-мәселе бойынша:

Бөбекжайы меңгерушісі Б.Т.Базаралиева топтарға тәрбиешілерді бекіту және оқу жүктемесін бөлу мәселесін таныстырды.

Тәрбиешілердің тізімі нақтыланып, жауапты топтар бекітілді.

4-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын білім беру бағдарламалары мен педагогикалық технологиялар туралы баяндады.

Заманауи әдістерді (ойын технологиясы, дамыта оқыту, жобалық жұмыс) қолдану қажеттілігі айтылды.

5-мәселе бойынша: Әртүрлі сұрақтар


Ағымдағы ұйымдастыру, қауіпсіздік, құжат жүргізу және ата-аналармен жұмыс мәселелері қарастырылып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берілді.

Шешімі:

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған барлық жоспарлар бекітілсін.
3. Топтарға тәрбиешілерді бекіту және оқу жүктемесі нақты бекітілсін.
4. Оқу-тәрбие үдерісінде заманауи педагогикалық технологиялар жүйелі қолданылсын.
5. Барлық жауапты тұлғаларға берілген тапсырмалар белгіленген мерзімде орындалсын.

Төрайымы: _____ Базаралиева Б.Т.

Хатшы: _____ Маратова Ж.А.



Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру, 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспардың орындалуын талдау, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы жұмыстардың тиімділігін бағалау, топтардың оқу-тәрбие құжаттарының жүргізілуін тексеру және педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Күн тәртібі:

1. Топтардың құжаттарын талдау
2. 2024–2025 оқу жылындағы жылдық жоспардың орындалуы. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
3. Әртүрлі мәселелер
4. Алдыңғы әдістемелік отырыстың шешімдерінің орындалуы

ТЫНДАЛДЫ:

1. Топтардың құжаттарын талдау

Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Әдіскер топтардың оқу-тәрбие құжаттарына талдау жүргізді. Күнтізбелік жоспарлар, циклограммалар, перспективалық жоспарлар және балалардың қатысу журналы тексерілді. Құжаттардың талапқа сай жүргізілетіні, кейбір топтарда жоспарлау сапасын арттыру және уақытылы толтыру қажет екені айтылды.

2. Жылдық жоспардың орындалуы. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жоспардың орындалуы және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша ақпарат берілді. Жоспарланған іс-шаралардың орындалуы талданып, ата-анамен жұмысты күшейту және тәрбие жұмыстарының жүйелілігін арттыру қажеттігі айтылды.

3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Педагогтердің кәсіби дамуы, инклюзивті білім беру, цифрлық ресурстарды пайдалану және оқу-материалдық базаны жетілдіру мәселелері қаралды.

4. Алдыңғы әдістемелік отырыс шешімдерінің орындалуы

Тыңдалды: бөбекжай меңгерушісі Б.Т.Базаралиева

Алдыңғы отырыс шешімдерінің орындалу барысы қаралды. Бірқатар тапсырмалардың орындалғаны, кейбірінің толық аяқталмағаны анықталды.

Шешімі:

1. Топтардың оқу-тәрбие құжаттарын жүргізу сапасы жетілдірілсін.
2. Құжаттар (жоспар, циклограмма, перспективалық жоспар) уақытылы және талапқа сай толтырылсын.
3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Ата-анамен жұмыс түрлері күшейтілсін.
5. Педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
6. Инклюзивті білім беру және цифрлық ресурстарды қолдану жетілдірілсін.
7. Алдыңғы отырыс шешімдерінің орындалуы бақылауға алынсын.



Төрайымы:

Хатшы:

Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.



MADE WITH
Scanner
App



Орал қаласы

9 ақпан 2026 жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Қатысушылар: Бөбекжай меңгерушісі, тәрбиешілер

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымында педагогтер мен ата-аналар арасындағы әлеуметтік серіктестікті дамыту жолдарын қарастыру, мерекелік және сауық-кеш іс-шараларын ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін талдау, Жаңа жыл мерекесін өткізу бойынша нұсқаулық талаптарын түсіндіру және ертеңгіліктердің сапасын бағалау арқылы тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттыру.

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің заманауи жағдайында ата-аналар мен педагогтердің әлеуметтік серіктестігін дамыту
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар
3. Балабақшада Жаңа жыл мерекесін өткізуге арналған нұсқаулық
4. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктерді талдау

ТЫНДАЛДЫ:

1. Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Ата-аналар мен педагогтер арасындағы әлеуметтік серіктестікті дамыту мәселелері қаралды. Баланы тәрбиелеудегі отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңызы айтылды.

2. Мерекелер мен сауық-кештер

Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар талданды. Балалардың жас ерекшелігін ескеру, қауіпсіздік және мазмұндық сапа талаптары түсіндірілді.

3. Жаңа жыл мерекесі

Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Балабақшада Жаңа жыл мерекесін өткізуге арналған нұсқаулық талаптары қаралды. Сценарий, безендіру және қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі айтылды.

4. Ертеңгіліктерді талдау

Тыңдалды: тәрбиеші Ж.А.Маратова

Жаңа жыл ертеңгіліктерінің өткізілуі талданды. Жалпы ұйымдастыру деңгейі жақсы деп бағаланды, кейбір топтарда сценарий мен уақытты тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар берілді.

Шешімі:


1. Ата-аналармен әлеуметтік серіктестік жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда әдістемелік ұсынымдар қатаң сақталсын.
3. Жаңа жыл мерекесін өткізу талаптары толық орындалсын.
4. Ертеңгіліктердің сапасын арттыру мақсатында сценарийлер жетілдірілсін.
5. Барлық іс-шаралар барысында қауіпсіздік талаптары сақталсын.

Төрайымы:

Базаралиева Б.Т.

Хатшы:

Маратова Ж.А.



MADE WITH
Scanner
App



Орал қаласы
Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

9 сәуір 2026жыл

Қатысушылар: Бөбекжай меңгерушісі, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы.
2. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар.

1. Тыңдалды:

Алдыңғы әдістемелік отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы.

Сөйледі:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова

Ол алдыңғы отырыста қабылданған шешімдер бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі талданды, орындалмаған тармақтар бойынша түсініктеме берілді.

Сөйледі:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова

Ол өз тобы бойынша атқарылған жұмыстарды баяндап, кейбір тапсырмалардың орындалу барысында кездескен қиындықтарды атап өтті.

Сөйледі:

Тәрбиеші Ж.А.Маратова

Орындалмаған жұмыстардың себептерін талдап, оларды жеделдету және құжаттаманы жүйелеу бойынша ұсыныстар берді.

2. Тыңдалды:

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар.

Сөйледі:

Меңгеруші Б.Т.Базаралиева

Ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тартудың маңыздылығын атап өтіп, ынтымақтастықты күшейтудің жолдарын ұсынды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Ж.А.Маратов

Ата-аналармен жұмыс формалары (жиналыстар, чаттар, ашық сабақтар) туралы тәжірибесімен бөлісті.

Шешімі:

- Шешімдердің орындалуын қатаң бақылауға алу;
- Әр педагогқа нақты мерзім белгілеу;
- Орындалмаған тапсырмаларды қысқа мерзімде аяқтау.
- Ата-аналармен жүйелі байланыс орнату;
- Ашық сабақтар мен бірлескен іс-шараларды тұрақты өткізу;
- Ата-аналарға арналған консультациялар ұйымдастыру;
- Баланың дамуы туралы ақпарат беруді жетілдіру.




Төрайымы:

Базаралиева Б.Т.

Хатшы:

Маратова Ж.А.



MADE WITH
Scanner
App

